

Рухани жаңғыру

Желтоқсан айы – жыл он екі айдың соңғысы болғанымен, боздақтардың жоқтауына, бостандықтың бастауына айналып, ХХ ғасырдың басы мен ХХІ ғасырдың басында қоғамдық өзгерістердің қозғаушы күшін құрап, тарихқа таңбасын түсірген әр жылдың соңын ұлттың мүддесін қорғайтын дербес мемлекеттердің құрылуының көшіні бастағандығына тарихи оқиғалардың өзі куә болуда. Әлихан Бөкейхан жетекшілік жасап, Алаш қайраткерлері құрған Алашорда Ұлттық Автономиясы Қазақ хандығының қара шаңырағын жалғастырған мұрагері ретінде қазақтың алғашқы тәуелсіз мемлекеттілігінің негізін қалап кеткен. Алаштанушы, ғалым Сұлтанхан Аққұлұлының: «Қазақ мемлекетінің іргесін Кеңес өкіметі құрған жоқ. Кеңес өкіметі Қазақ автономиясын, яғни мемлекетін мойындады да, оған «кеңес» деген айдар тағып, атауын ғана өзгерті» деген тұжырымы сол қағидаға айғақтап тұр.

Отаршылдыққа қарсы бағытталған Алаш қозғалысының қуатты серпілісін пайдаланып, жаңа мемлекеттік жүйе құруға Алаш қайраткерлері түбегейлі дайындықпен

нында тұңғыш президентіміз тәуелсіз мемлекеттілігімізді жариялап, Қазақстан халқымен бірге қазақ елін де жаңа дәуірдің табылдығын аттағандық. Жетпіс жылдай Кеңестік биліктің Қызыл туының, Гербі мен Гимнінің көлеңкесінде қалып келген ұлттық нышандарымыз мемлекетіміздің тәуелсіз рәміздер мәртебесін алды. Тәуелсіздігіміз кешегі ел басына күн туып, ақ пен қызылдың қырғаны басталғанда бас сауғалап, дөнгеленген дүниенің әр түкпірінен пана тауып, шетте жүрсе де ұлттық құндылықтарын санасында сақтап, мен қазақып, менің қаным қазақ деп өз тіршіліктерімен ғұмыр кешіп келе жатқан барша қаңдастарымызды сауын айтып атамекенге шақырып, Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткізіп, жұдырықтай жұмылсақ айбынды қазақ ұлты ретінде қуатты мемлекетке айнала алатындығымыздың айбарын көрсетті. Қазақ елі мен Қазақстанды мекендеген барша ұлттың ортақ мүддесі мен құқығын бірдей қорғап, сыйластықта ынтымақ-татулықпен алаңсыз өмір сүруіне кешілік беретін тұңғыш Ата Заңымыз қабылданып, бәрін заңға бағындыратын

жалған жаладан ақтап алып, «Алты Алаштың Әлихан» болғандығын таныту мақсатында руханияттық шараларды жүзеге асырта бастады. 1992 жылы Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханның, Әлімхан Ермековтің, Жакып Ақбаевтың туған жері Ақтоғай ауданында «Ақтоғай – Алаш арыстарының атамекені» деген тақырыппен өткізілген алғашқы республикалық ғылыми-танымдық конференция содан бергі жағасын тапқан барлық конференциялардың әліппесіндей болды. Ғасыр тауқыметіне айналған ызғарлы тонның көбесін сөгіп, «халық жауы» деген бұғауды ағытып, Алаш арыстарының рухын ұлықтау шаралары дәрежесінде басталған Ақтоғайдағы мектептер мен көшелерге, алаңдарға алаштықтардың атын беру рәсімі біртіндеп аудандар мен қалаларда жалғасын тапты. Алаш арыстарына арнап ескерткіштер мен мүсін бюстілерін орнату да республика бойынша Ақтоғай ауданында басталып, Ақтоғайды «Алаш ескерткіштерінің галереясына» айналдырды. 2015 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының 38 сессиясы «Бүкіләлемдік шынайы даңқты қайраткер»

жанадан қалыптасып, қоғамды жетелеудің жаңа құралына айналған өркениеттік идеология бірден басымдыққа ие болып, осы шаққа талықсыз әрең жеткен ұлттық идеологияның тынысын тарытып, ығыстырып, әуелден қазақтық санада сақталған бай мұрамыздың ең озық үлгілерін өңеге ретінде тандап алып, ұлттық құндылық ретінде алмастырып пайдалануға еркіндік бере қоймауда. Айғақ ретінде біреуін ғана айтар болсақ. Тәуелсіздіктің өткен 30 жылында 15 жасқа толған екі бірдей жетілген өскелең ұрпаққа өз ана тілінде еркін сөйлей білу мен қазақ болып еркін ойлай білуді жаппай меңгерте алмай отырғанымызды былай қойғанда, жаңа туған сәбидің тілін ана тілінде ашқызуға да толық қолымыздың жетпей отырғаны жасырын емес. Ұлттық мұраларымыз бен ғұрыптық дәстүрлердің жауһарларын отбасында, қоғамдық ортада, білім ошақтарында тәрбиенің ықпалды құралы мақсатында еркін қолданып, жастардың санасына сіңіріп үлгергенде ұлт мұраты жолындағы жеңіміз, бен жетістігіміз бүгінгіден әлдеқайда биіктеп, көш басына шығып, қоғамдық ортада үстемдікке ие

Желтоқсан – елдіктің бастауы

келген. 1911 жылдың 13-ші маусымында Ә.Бөкейханның тапсырмасымен Петербургте қазақтан шыққан оқымысты, реформатор, демократ Барлыбек Сырттанұлы қазақ халқының профессионалды конституциясы «Қазақ елінің уставының» тұңғыш құқықтық жобасын дайындаған. (Е.Токтарбай) 1913 жылдың 2-ші ақпанында А.Байтұрсынұвтың редакторлығымен «Жаңа дәуірдің шежіресі» деп аталған аптасына 8000 данамен шыққан жалпыұлттық басылым «Қазақ» газеті де Ә.Бөкейханның басшылығымен жарыққа шыққан. 1917 жылдың 21-26-шы шілдесі аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде қазақ тарихындағы алғашқы саяси ұйым, қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы «Алаш» партиясы құрылып, 10-тараудан тұратын бағдарламасы қабылданып, төрағалығына Ә.Бөкейхан сайланған. Осындай алды-ала пісіп-жетілген маңызды қадамдардың нәтижесінде 1917 жылдың 5-13-ші желтоқсанында Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінде Ұлттық-территориялық Қазақ Автономиялық мемлекетінің құрылғандығы жарияланып, төрағалығына балама кандидатурамен түскен Айдархан Тұрлыбаев пен Халел Досмұхамбетовтен басым дауыспен озып, Әлихан Бөкейхан сайланып, 15 адамнан тұратын жаңа үкіметтің мүшелігіне төраға орынбасары болып Әлімхан Ермеков, бас прокуроры болып Жакып Ақбаев сайланып, Алаш қайраткерлерінің қатарында үш ақтоғайлық азаматтар Автономияны басқаруда Әлекен ұстанған демократиялық, зайырлы мемлекет құру, жеке меншікке тиіспеу, мемлекеттегі өзге ұлттарға еріктілік беру, ұлттық тілді дамыту туралы идеяларды басшылыққа алып, (Б.Аяған) мемлекеттіліктің жаңа жүйесіндегі аса жауапты қызметке кіріскен. Осы бір тарихқа енген таңғажайып оқиғаны сол кезеңде «Сарыарқа» газетіне жерлесіміз, Алаш қайраткері Әлімхан Ермеков: «Декабрьдің 12-сі күні түс ауа сағат 3-те дүниеге Алаш автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды; отансыз жұрт отанды болды» - деп жазып кеткен. Керей, Жәнібек пен Абылай хандардың ізін жалғайтын Әлиханлар құрған тәуелсіз Автономияның ғұмыры қысқа болғанымен, ықпалы мен тәлімі зор болғандығын 1986 жылғы Желтоқсандағы қазақ жастарының дүбірлі дүниені дүр сілкіндірген азаттыққа ұмтылған ұлттық қозғалысы адамзат санасына сілкініс тудырып, алып державаның іргесін шайқалтып, Одақтың ыдырауына соқтырып, әр ұлттың өз таңдауын жасауына жол ашып бергендігін әлі-ақ әлем жұртшылығы толық бағалап, ұлттық күрес тарихының қатарына жатқызып отырғанын таныш білетін болармыз. Қалай десек те, Әлихан Бөкейхан бастап алаштықтар құрған тұңғыш қазақ Автономиясы бүгінгі тәуелсіздігіміздің төрінде тұратындығын тарихтың өзі таразылап мойындап отыр бұлай. Егеменді елдіктің тұңғыш таймайтын мәресіне айналған 1991 жылдың тағы да сол желтоқсан айының 1-ші жұлдызы тәуелсіз еліміздің алтын тағына тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сайлаптырып, осы жылдың 16-шы желтоқса-

уствемдікке қол жеткізілді. Бұрын көрші Орта Азия мен Еуропаның санаулы елдері ғана еркін танытын Қазақстанның Тәуелсіздігін енді әлем жұртшылығы мойындап, тіпті халықаралық қауымдастықтың жоғарғы құрылымы БҰҰ-на мүшелікке қабылдауы төрткүл дүниеге апарар саяси да, экономикалық да даму жолын ашып берді. Дербес елдігіміздің куәлігіндей болған төл теңгеміз жарыққа шығып, айналымға енді. Қос палаталы парламент құрылып, халықтың өз таңдауымен сайланған депутаттар жаңа қоғамға қызмет ететін пәрменді заңдарды сүзгіден өткізіп, жариялай бастады. Осыдан 64 жыл бұрын зорлықтың күшімен тартып алынып, тамтығы қалмай тәркіленген төрт түлік мал мен атадан қалған жер байлығы таңдауы түскен өз иелерін таңқалдырып, тегіннен-тегін қайтарылып берілді. Мемлекет меншігі саналып келген тұрғын үйлер мен әр саладағы құрылыстар жекенің қолына өтті. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, елімізді өздерінің туған жерінде бағалап, бақ-дәулетке бөлініп, баянды өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдерінің Кіші Отанына айналды. Әлемде бейбітшілік орнатудың бастамашысы ретінде Кеңестік қоғамнан қалған жаппай қырып жойғын атом қаруы шып-шырғасын шығармай, Одақтың жалғыз мұрагерінің өз қолына өткізілді. Еліміздің тұтастығын сақтау мақсатында 14 мың шақырымға созылған шекарамыз шектесіп жатқан көрші елдермен екіжақты келісімнің шеңберінде айқындалып, бекемделіп бекітіліп, тыныштықтың қауіпсіздік белдеуін тартып берді. Тағдырлары тәлкекке түсіп, тарыдай болып шашылып, беті ауған жаққа бытырап кеткен қандас бауырларымыз атамекеніне оралып, қоныстанып, келмеске кеткен кеңестік дәуірде бөсекеге түсе қалғанда таразыны баспақ түгілі, теңестіруге де шамасы жетпейтін ұлттық ара салмағын асырып, ұлттық үстемдігімізді арттырды.

Осылайша екі дәуірді алмастырып, жаңа ғасырмен жалғасқан тәуелсіздігіміз дана бабаларымыз бен бабалар батырларымыздың, сондай-ақ Алаш арыстарының ұлы рухын ұлықтатып, ас бергізіп, Құран бағыштап, мұсылмандық дінімізге бетбұрыс жасатып, аудан мен қаладан бастап ауылдарға дейін Алланың жердегі үйі мешіттер салуға еркіндік бергізіп, бақилық пенделердің жаназы намазын мешіттерде шығаруға қолымызды жеткізді. Тәуелсіздігіміз біртуар дара тұлғаларымыздың данышпандық кемел ойларынан енді бүкіл әлем жұрты рухани нәр алатын заңғар жолды таңдады. Тәуелсіздігіміз Елбасымыздың дер кезінде жариялаған тұңғыш бағдарламасының арқасында ұрланып, бүрмаланып, жоғалуға шақ қалған бай мұра тарихымыздың тамырына қан жүгіртіп, жан бітірді. Тәуелсіздігіміз қиянаттың күшімен өзге жұрттардың есімдеріне ауыстырылып, бөтен елдердің қанжығасына байланып кеткен еліміз бен жеріміздің байырғы көне атауларын өз ұлттымызға қайтарып алудың тізгінін қолымызға ұстатты. Тәуелсіздігіміз Қазақстанды мекендеген барша жұрттың ақыл-ой өрісіне, әр адамның өз қабілетімен кәсібін ашып, нәсібін табуына еркіндік алып берді. Тәуелсіздігіміз Азаттық күресінің ұлы туғасы, XX ғасырдағы қазақ ұлтының атасы Әлихан Бөкейханның ар-ожданын «халық жауы» деген

деп таныған Ә.Бөкейханның туғанына 150 жыл толуы туған жері Ақтоғай ауданында аса маңызды шаралар деңгейінде өткізіліп, біртуар тұлғаның тұғырын биіктете түсті. Тәуелсіздігіміз Алаш қайраткерлерінің туған жерінде тұтанған бостандық алауының дәстүрлі эстафетасын облысымыздың орталығына сүйіншілеп жеткізіп берді. Желтоқсан айы тағы да әдеттегідей жарыққа марттігімен дара тұлғаның даңқ жұлдызын жағып, еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығының мерекесін Қарағанды қаласының Октябрь ауданына Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның есімін беру салтанатына ұластырды. Алаштықтардың Октябрь төңкерісінде қолдары жетпеген арман-мақсаттарының бір жұбанышындай тәуелсіздіктің жеңісін арқау еткен барша жұртшылықтың табанды талабының арқасында Октябрдің атауы ауыстырылып, бар өмірін халқының бақытына арнап күреспен өткізіп, арманда кеткен арысының рухымен қауышты.

Әр кезеңдерде жаңалықтардың жарышына айналған желтоқсан айының тағы бір тартуы 1938 жылдан бастап жалпақ жұрттың көзі мен құлағына айналған «Қызыл Ту», «Арқа еңбеккері», «Тоқырауын тынысы», «Ақтоғай ажары» аталып, мемлекет қолдауына арқа сүйіп, жұртшылықтың 83 жылдан бергі шежіресін жариялап келген аудандық газеттің жекешелендіріліп, құрылтайшысының өзгеруі болды. Ел-жұрттың тағылымды руханиятына айналған қалаулы басылымымыз газеттің бас редакторы Гүлнар Метайқызының намысты додаға өзі түсіп, тәуекелшіл табандылығының арқасында өзгенің қолына өтіп кетпей, өз меншігінде сақталып қалды. Әр шаңырақтың ақпараттық құралына айналсын деп тілейік. Алайда, асудан асар ғасыр соңына дөп келген өтпелі кезеңнің өліара шағы жаңа дәуірге бірден үйренісіп кете алмай жатырқап жүрген жұртшылықты қиындықтарға да соқтырғаны жасырын емес. Мемлекеттік меншік деген ұғым әбден санасына сіңіп кеткен ауыл тұрғындарының көбісі аспаннан шұға жауғандай болып, ғайыптан тиген еркіндіктен жасқанып, толық сене алмай, өз істерін ашып, жеке кәсіпкерлікпен шұғылданауда нарықтық қатынастың тәсілдерін бірден меңгеріп кете алмағандықтан, жоғалғандары да аз болмады. Кеңестік алып кеме құмға қайырылап тоқтап қалғандықтан бей-берекет жұмыссыздық белең алып, ауылдан қалаға ағылу басталды. Басқару тізгіні Мәскеудің қолында тұрған, іс тетігін шешетін мамандардың басым бөлігі басқа ұлт кадрларынан тағайындалған, өндірген өнімі орталыққа матаған ірі өндіріс ошақтары да тоқырауды бастан кешірді. Білім беру, денсаулық сақтау мен мәдениет салаларының басына түскен өрескел оңтайландырудың зардаптарының ауыртпалығының тұралатып тастағандығы соншалық, жарма пеш қалап жылыпқа көшті. Не көрмеген, неге көнбеген көніс қазақ шырғып, ширап, амалдап, біртіндеп олардың бәрін де жеңіп шықты. Одақ болып құрылған алмағайып кезеңдегі бастан өткеннің бәрін тізбелеп айтпағанда, Қазақ халқын ұлтсыздандырумен, тілсіздендірумен, дінсіздендірумен арпалысып жүріп өзі де күйреген кереғар кеңестік идеологияның орнын алмастырып, жаңаданумен жарысып,

болған болар еді. Қалай десек те, біртіндеп қарқынды дамуға бет алып, өркениет көшіне ұмтылып келе жатқанымызға қуаныштымыз. Ең бастысы, тәуелсіздігімізді баянды ету бағытында нарықтық қатынасты іркіліссіз терең меңгеру, дамыған елдердің тәжірибесіне сүйеніп, соқтықталы дағдарыстан сақтану, ырыққа көнбей кететін экономикалық тәуелділіктен арлу, қарыздана беруді мәжбүрлі қолбайлауға ұрындырып алмай, барлық салаға басын сұғып алған мақсатын ақтамайтын, жетесіз реформаларды тесеу, мерзімі жетпесе де тым асығыстықпен өткізіліп кететін даңғаза шараларды азайту, Ә.Бөкейхан айтып кеткендей, қазақ жерінің асты мен үстіндегі бар байлықты өз ұлтымыздың ортақ қазынасы ретінде өз халқымыздың игілігіне жарату, толық пісіп жетілмеген заңнамалардың қолданысқа өтіп кетуіне тосқауыл қою, ауыл шаруашылығын дамытып, өрісін кеңейтуді ұлттық бағдарламаға енгізу, ұлттық идеологияның қуатты тармақтарына барынша арқа сүйеу, ана тілімізді ұлттымыздың төріне шығару, қала мен ауылдың арасының алшақтай беруіне тоқтау салу, ата қоныс ауылды елі көшіп кеткен иесіздіктен сақтау, осындай бағыттарға назар аударылса, тәуелсіздігіміздің бағдарламасы болашаққа апарар сара жолдың басты нысанасына айналатындығына сенімдіміз. Қала тәуелсіздіктің тұңғыры болса, ауыл – тәуелсіздіктің тұңғығы. Қала өркениеттің қайнаған ошағы болса, ауыл – табиғи, құнарлы ұлттық тағамдардың ырысы таусылмас тайқазаны. Бірінсіз бірінің күні жоқ, тағдыры ажырамас, базары таусылмас бұл ағайынды екеуін Тәуелсіздіктің көшкеруенді сапарына жарыстырып, бойгеге қатар қосу керек. Ұлттымыздың асыл мұралары мен қазыналы құндылықтарының шырақшасы болып, оларды өркениет үрдістерінің ығыстыруынан қызығайтып қорып, санада сақтап құнделікті қолданыста кеңінен пайдаланып, рухани құнарлы нәр алып алтын бесігіне айналдырып, төрт түлігін түлетіп отырған ауылдағы қарапайым халық. Ауыл тұрғындарының тұрақтылығының кепілі – ел іргесінің тұтастығы. Ауылды сақтау үшін ауылдың тірегі болып отырған мектептер, ауруханалар мен мәдени ошақтарды тоқыраудан, жабылудан қорғайтын киелі жердің игілігін пайдаланып, өз істерін өркендетіп отырған ауылдардағы шаруа қожалықтары мен нарықтық қатынасқа бейімделген кәсіпкерлік құрылымдардың мемлекеттік қорғауға алынуына заң тұрғысында басымдық берілсе екен дейміз. Сонда ғана ұлт ұясына айналып отырған ауылдар тықыр таянған жабылудың қаупінен артылар еді. Тәуелсіздігіміз ұлт мұратын ұстанып, Қазақстанды әлем елдерімен бөсекеге түсе алатындай даму сатысын жеңіп, дамыған елдер сапына жеткізуі үшін, елімізде тұратын барлық ұлттардың ұйытқысы болып отырған Қазақ ұлты көшбасшыға айналып, тіліміз бен діліміздің үстемдігі үшін ұлы мақсатымыздың барлық тізгіндерін қолында бекем ұстап, нағыз иесі болуы қажет.

**Тұңғышбай Мұқан,
«Құрмет белгісі» орденінің, «Алаш»
медалінің иегері, КР Білім беру ісінің, КР
Мәдениет саласының үздігі, «Ақтоғай
ауданының Құрметті азаматы».**

Ақтоғай ажары. 2022. 14. қантар. 9, б.